bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

# "Атымды адам қойған соң" Абай Құнанбаев шығармашылығы

**ЖАРИЯЛАНДЫ** 16.01.2020
**СІЛТЕМЕ** https://bilimger.kz/66980/

| | | |
|---|---|---|
| **Ашық тәрбие сағаты** | **Мектеп:** Өскемен қаласы әкімдігінің «№ 45 бейімделген орта мектебі» КММ | |
| **Күні:** | **Мұғалім: Халелова Ақерке Оралбековна** | |
| **Сынып:** 10 | **Қатысқан оқушылар саны:** | **Қатыспағандар** |
| **Тақырыбы:** | «Атымды адам қойған соң..» Абай Құнанбаев шығармашылығы | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | Ұлы ақынның еңбектерін оқу арқылы, адамгершілік құндылықтарды дарыту, шығарманың жаңашылдығына баға беру.<br>Барлық оқушылар орындай алады:<br>мәтіннің мазмұнын түсініп, идеясын анықтайды. Ойын мысалдар арқылы дәлелдейді.<br>Көпшілігі орындай алады:<br>Мәтіннің мазмұнын меңгеріп, негізгі мәселелерді анықтайды.Өзіндік көзқарастарын білдіреді.<br>Кейбір оқушылар орындай алады:<br>Мәтін талдауда өзінің көзқарастарын нақты дәлелдер арқылы жеткізеді. Шығарманы өмірмен байланыстырады. | |
| **Құндылықтарға баулу** | «Мәңгілік ел» идеясының «Тарих, мәдениет пен тіл ортақтығы» құндылығына сәйкес адамгершілік, ізгілік қасиеттерге, туған тілді құрметтеуге баулу | |
| **Жоспар** | | |
| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың басы<br><br>Сабақтың ортасы<br><br>Сабақтың соңы</td>
<td>1. Сабақтың тақырыбы, мақсаты айтылады.<br>2. Жағымды көңіл-күй туғызу<br><br>Бас ,жүрек, қол моделін ұсыну<br>3.«Миға шабуыл» сұрақтары:<br>—Бұл суреттерден қандай түсінік қалыптастырамыз?<br>-Нені меңзейді?<br>-Қазақта қай ақынның идеясымен үндеседі?<br><br>Диас, Айгерім, Арай, Ақбота «17 қара сөз» қойылым көрсету<br><br>4. Миға шабуыл сұрақтары:<br>— Осы шығармаларынан нені ұқтық?<br>— Абай неге адамның көп қасиетінің ішінен тек қайрат, ақыл, жүрек үшеуін ғана таңдап алған?<br>— Ғылымның пікірімен келісесіңдер ме?<br><br>Сыныпты 3 топқа бөлу<br>1.Нұрлы ақыл<br>2.Ыстық қайрат<br>3. Жылы жүрек<br>Әр топ өз қасиеттеріне баға береді.<br>«Ыстық қайрат» — бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» — елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» — иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады.<br>5. «Миға шабуыл»<br>Күймені айдаған арбакеш суреті ұсынылады?<br>— Бұл суреттен не байқадыңдар?<br>— Сендердің ойларыңша, қайрат, ақыл, жүректі неге ұқсатар едіңдер?<br><br>6. » SWOT әдісі» топтық жұмыс<br>Әр топ өздеріне берілген тапсырманы SWOT әдісіне салып қорғайды<br>1 топ- Ақыл<br>2-топ — Жүрек<br>3-топ — Қайрат<br>
<table>
<tr><td>Мықты жақтары</td><td>Әлсіз жақтары</td></tr>
<tr><td>Даму мүмкіндіктері</td><td>Қауіптер</td></tr>
</table>
7. Сендердің ойларыңша «толық адам» деп кімді айтар едіңдер?<br>ПОПС формуласы<br>Менің ойымша, ...<br>Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...<br>Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын...<br>Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...<br><br>«Сендірерлік дәлел» әдісі<br>Менің ойымша……<br>Мынаны естен шығармау қажет……….<br>…………..қарамастан…………………………..<br>………….болса да…………………..<br>Яғни………………<br>………….деген тұжырымға келемін.</td>
<td>https://www.youtube.com/watch?v=f2J53JvJ2j8<br><br>таныстырылым<br><br>таныстырылым</td>
</tr>
</table>

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.